

«Сарыагаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МҚК-да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары»
Х А Т Т А М А С Ы № 8

Сарыагаш қ.

«11» 11.2024ж.

Жиналыш төрағасы: басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары - Б.Оспанов
Хатшы: мамандар бөлімінің басшысы - Ж.Алманова

Қатысқан қызметкерлер саны: «46»

Күн тәртібінде:

«Сарыагаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МҚК-нің 2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспарына сай «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» (ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 19 қазан 2016 жылғы №12 бұйрығы) ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Төрағалық етуші Б.Оспанов: Құрметті әріптестер, барлығымызға белгілі елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізіліп келеді.

Бүгінгі таңда, елімізде заңнамалық актілермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптері айқындалып, осы санаттағы құқық бұзушылықтардың түрлері, сондай-ақ міндеттемелік шарттары белгіленіп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілдерді жауапқа тартуға бағытталған жұмыстар ұдайы жүргізілуде.

Сондықтан, мекемемізде сыбайлас жемқорлыққа жол бермей, онымен жаппай күресуіміз әрбіріміздің міндеттіміз және азаматтық парызымыз, сонда ғана халық сеніміне ие болып, мемлекеттіміздің болашағы жарқын болады деп баяндап, күн тәртібіндегі тақырып бойынша ақпараттық түсіндірме беру үшін комплаенс-қызметкер Н.Садыrbайға сөз берілді.

Комплаенс-қызметкер Н.Садыrbай: Құрметті әріптестер, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 19 қазан 2016 жылғы №12 бұйрығымен «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» бекітілген.

Осы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленген және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (бұдан әрі - сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектілері) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін айқындайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектілері (бұдан әрі - Қәсіпорын) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жузеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (*бұдан әрі - Ішкі талдау*) объективтілік, сенімділік, айқындық және жан-жақтылық қағидаттарына негізделіп жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жылына кемінде бір рет 30 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізіледі, қажет болған жағдайда басшының бүйрығы негізінде 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) талдау объектісінің (*Кәсіпорынның*) қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) талдау объектісінің (*Кәсіпорынның*) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бірінші бағыт, яғни Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін дискрециялық өкілдептер мен нормалар айқындалады.

Ал, екінші бағыт бойынша мынадай мәселелер талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп түсініледі:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдарды айқындау;
- 2) мұдделер қақтығысын реттеу;
- 3) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 4) жеке және занды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 5) акпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 6) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындастырылған өзге де мәселелер.

Ішкі талдаумен мыналар қамтылған талдамалық анықтама жасалады:

- 1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты;
- 2) оларды жою жөніндегі ұсынымдар;
- 3) Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдардың тізбесі.

Талдамалық анықтамаға Кәсіпорын басшысы ішкі талдау аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды.

Ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, басшымен талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей бекітіледі.

Талдамалық анықтама және іс-шаралар жоспары бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Кәсіпорынның интернет-ресурсында орналастырылады.

Бұғынгі танда, Кәсіпорында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл агентігі Төрағасының 19.10.2016 жылғы №12 бүйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіліп, нәтижесімен тиісті іс-шаралар қолданылуда.

Жиналыста күн тәртібіндегі тақырып жан-жақты талқыланып, қойылған сұраптарға нақты жауаптар беріліп, қорытындыланды.

Жиналыс төрағасы:

Б. Оспанов

Хатшы:

Ж. Алманова